



«Жалпы білім беретін» пәндер
бірлестігінің онкүндік декадасының
жоспары.

1. Декада жоспары.
2. Декада кестесі.
3. Декада есебі.

**«Алматы облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Талғар
политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**

Келісілді
колледж әдіскері

Бекітілді
ДОЖ орынбасары

Б. И. Нүптекеева_____
«17 » сәуір 2018жыл.

Е.Қ. Бейсембаева_____
«17 » сәуір 2018жыл

**Жалпы білім беретін пәндер бірлестігінің
онкүндік декадасын өткізу кестесі .
18.04- 30.04.2018ж.**

**Декада тақырыбы: «Тіл мен тарих- ғасырлар куәсі».
2017-2018 оқу жылы.**

ПЦК отырысында қаралып ,құпталды
Хаттама № 8 «16 » сәуір 2018жыл.
ПЦК төрайымы_____ А.Д.Койгельдиева

Декада тақырыбы: «Тіл мен тарих- ғасырлар куәсі».

Мақсаты: Колледж студенттерінің білім сапасын арттыру, әрбір оқытушының кәсіби деңгейлерінің өсуі мен педагогикалық шеберліктерін жетілдіру үшін оқыту үрдісінде инновациялық тәжірибелерді меңгеру.

№	Аты жөні (оқытушылар)	Оқыту шының санаты	пәні	тобы	Іс- шара тақырыбы	Өтетін орны	Орындалу мерзімі
1	Койгельдиева Адема Дариякуловна	I- санатты	тарих		Декада жоспарын құру, бекіту.	122 каб	16.04.18
				16 топ	Декада қабырғасын безендіру.	I қабат	17.04.18
2	Молдахметова Бақытгүл		Қазақ тілі мен әдебиеті	17 гр	Ашық сабақ «Ырымға байланысты ат қою дәстүрі. Менің есімімнің тарихи тамыры»	104 каб	23.04.18
3	Хасенова Гуля Семейжановна	I- санатты	Шетел тілі (ағылшын)	Топтар арасын да	Шетел тілінен Олимпияда ұйымдастыру	18 каб	23.04.18
4	Рысбаев Қуат Рысбаевич	II- санатты	Дене тәрбиесі	11 гр 2 пар	Открытый урок «Отбор мяча у соперника».	Спорт алаңы	25.04.18
5	Нурғалиев Айдос Нурақынович	II- санатты	Алғашқы әскери дайындық	16 топ I пар	Ашық сабақ «Бөлімше сабы»	плац	25.04.18
6	Зейнолда Ағлем		Дене тәрбиесі		«Қызықты ойындар» спорт ойындарынан іріктеу жарысы	Спорт алаңы	25.04.18
7	Бердиева Раушан Есбосыновна	I- санатты	Орыс тілі мен әдебиеті	11,13, 16,17 топтар	Орыс тілінен Олимпияда ұйымдастыру	123 каб	25.04.18
8	Ерғалиев Асқар Омарғазыұлы	II- санатты	Дене тәрбиесі	Топтар арасын да	«Тоғызқұмалақ» үйірме бойынша	Спорт залы	26.04.18
9	Бекбаева Баян Абижановна Койгельдиева Адема Дариякуловна	II- санатты I- санатты	Тарих, адам қоғам және Заң	13,16, 15 топтар	Айтуға оңай «Адам құқықтары және оны қорғау»	кітапха на	26.04.18
10	Жырғалбаева Фарида Шафкатовна	II- санатты	психология	13,16, 18 топтар	Кездесу кеші «Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы».	кітапха на	26.04.18
11	Мухамедьярова Майраш Көбеновна	Жоғары санатты	Қазақ тілі мен әдебиеті	Жас маман- дармен	Коучинг. Тақыры- бы «Жаңартылған білім мазмұнын- дағы коучингты ұйымдастыру жолдары»	Әдісте- мелік каб	26.04.18

12	Дүншебаев Шалқар Сейдақынұлы	II-санатты	Дене тәрбиесі	Топ қыздары арасында	«Волейболдан» үйірмеден жарыс	Спорт залы	27.04.18
13	Қанағат Жомарт		Дене тәрбиесі	Топтар арасында	Футболдан іріктеу жарысы	Спорт алаңы	27.04.18
14	Сеитов Жан		Шетел тілі (ағылшын)	14 гр	Выразителн. Чтение «Poetry Evening».	212 каб	27.04.18
15	Сапарбекова Ләззат Сарсенбаевна	жоғары	Қазақ тілі мен әдебиеті	14 гр	Ашық сабақ «Табиғаты ғажап Қазақстан»	108 каб	27.04.18
16	Аманова Сабира Темирбековна	II-санатты	Орыс тілі мен әдебиеті	17 гр	Открытый урок В.П.Астафьев Человек и природа в произведениях «Царь и рыба»	22 каб	30.04.18
17	Искандырова Гуляйм Асанкуловна	I-санатты	Шетел тілі (ағылшын)	16 гр	Брейн ринг. Урок-повторение «The Republik of Kazakhstan»	19 каб	30.04.18
18	Қабылбекова Жанна Несипбековна	II-санатты	Қазақ тілі мен әдебиеті	11,12,13,14,16 топтар	Қазақ тілі мен әдебиетінен олимпиада ұйымдастыру «Үш тұғырлы тіл»	306 каб	30.04.18
19	Койгельдиева Адема Дариякуловна	I-санатты	тарих	I-II курс	Декаданың жабылу кеші.	Акт залы	14.05.18

Құрастырған ПЦК төрайымы: _____ А.Д.Койгельдиева.

«Алматы облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Талғар политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

2017-2018 оқу жылының 18 -30 сәуір аралығында өткізілген
«Жалпы білім беретін пәндер» бірлестігінің
«Тіл мен тарих- ғасырлар куәсі» атты онкүндік декадасының анықтамасы.

1. Сәуір айының 18-30-ы аралығында қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі (ағылшын), тарих, адам, қоғам және заң, алғашқы әскери дайындық, психология негіздері, дене тәрбиесі пәндері бірлестігінің «Тіл мен тарих- ғасырлар куәсі» тақырыбында онкүндік декадасы болып өтті. Декаданың жоспары жасалып бірлестік мүшелерімен талқыланды, бекітілді. Бірлестік пәндері бойынша топ студенттерінің қатысуымен қабырға газеттері, сөзжұмбақтар, ребустар, буклеттер жасалып ілінді, шығармашылық жұмыстары, тест жұмыстары, олимпиадалар өткізілді.

2. Қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы Молдахметова Бақытгүл 17 орыс тобымен «Ырымға байланысты ат қою дәстүрі. Менің есімімнің тарихи тамыры» атты ашық сабағын өткізді. Топ мұғалімнің берген тапсырмаларына қазақ тілінде еркін жауап беріп, өз білімдерін көрсетті. Ағылшын тілінің оқытушысы Хасенова Гуля Семейжанқызы топтар арасында олимпиада өткізді. Олимпиада Ережесі жасалынды, тест сұрақтары және ауызша тапсырмалар берілді, 3 тур бойынша өткізіліп жеңімпаздар анықталды. Дене тәрбиесі оқытушысы Рыспаев Қуат 11 тобымен Футбол «Отбор мяча у соперника» атты ашық сабақ өткізді. Топ ойыншылары сабаққа қызығушылықпен қатысты, төзімділікке машықталды. Футбол ойынының техникасын жетілдіре білді. Алғашқы әскери дайындық пәні жетекшісі Нургалиев Айдос 16 тобымен «Бөлімше сабы» атты ашық сабақ өтті. Топ бөлімшелері сап элементтерін, алдын ала және орындалатын пәрмендерді, сарбаздардың сапқа тұрар алдындағы және саптағы міндеттерін орындады, ерік-жігерлерін, орындаушылық қабілеттерін танытты. Орыс тілі мен әдебиеті оқытушысы Бердиева Раушан топтар арасында олимпиада өткізді. Олимпиада Ережесі жасалынды, тест сұрақтары, ауызша тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар, сөзжұмбақтар берілді. 2 этап бойынша өткізіліп жеңімпаздар анықталды. Дене тәрбиесі оқытушысы Ерғалиев Асқар арасында үйірмеден топаралық жарыс «Тоғызқұмалақ» өткізді. Ережесі жасалып Ұлттық ойынның тарихымен таныстырды, шарттары түсіндірілді. Ұлттық рухты, сананы қалыптастыруға бейімдей отырып жастардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыта білді. Тарих пәнінің оқытушылары Бекбаева Баян және Койгельдиева Адема 13,15,16 топтарымен тарих, адам қоғам және Заң пәндері бойынша «Адам құқықтары және оны қорғау» атты пікіралмасу кешін өткізді. Интерактивті тақта арқылы слайд, видеороликтер көрсетілді және жастар өз ойларын еркін жеткізді. Азаматтық міндеттерінің өз құқықтарымен байланысты екенін сезіне отырып, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, өз өмірін және уақытын

қадірлей білетін, өмірдің мәнін түсінетін, өзінің де өзгенің де құқықтары мен міндеттерін білетін, болашағын бағамдай алатын, заманауи құндылықтарды білетін, парасатты әрі саналы тұлға екендіктерін көрсетті. Колледж психологы және психология пәнінің оқытушысы Жырғалбаева Фарида 13,16,18 топтарымен «Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты кездесу кешін өткізді. Кездесуге колледжде көп жылдар еңбек еткен ұлағатты ұстаздар және зейнеткер апайлар Ақботаева Зейнеп Сабаншықызы мен Абильчанова Жақсыбала Асылбекқызы қонақтар ретінде шақырылды. Халықтық тәлім-тәрбие негізінде қазақ қыздарының бойындағы жан сұлулығын қалыптастыру жолдары әңгімеленді. Қонақтар қыздарға ақыл-кеңестерін беріп, ұлағатты сөздерін айтты. Кеш соңында «Тілек айту» тренингі жүргізілді. Колледждің ғылыми жетекшісі және қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы Мухамедьярова Майраш жас мамандармен, арнайы пән және жалпы білім беретін пән оқытушыларымен «Жаңартылған білім мазмұнындағы коучингты ұйымдастыру жолдары» тақырыбында коучинг өткізді. Топқа бөлу арқылы коучинг пен тәлімгерліктің айырмашылықтары туралы тапсырмалар берілді, қызығушылықтарын оятты. Тренинг жүргізілді. Әріптестер өздерінің кәсіби әлеуетін арттыруға арналған тың идеяларымен және тәсілдерімен тәжірибе алмасты. Дене тәрбиесінің оқытушысы Дүншебаев Шалқар 13, 14,16,17 топтарымен қыздар арасында Волейболдан топаралық жарыс өткізді. Ережесі жасалды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша өткізілген жарыс арқылы жастардың спорттық шеберліктері артты, ұжымдық сезім және қызығушылық дамыды. Жеңген командалар марапатталды. Дене тәрбиесінің оқытушысы Қанағат Жомарт 14,15,19,22 топтар арасында Футболдан іріктеу жарысын өткізді. Ережесі жасалды. Футбол ойыны арқылы қозғалыс қасиеттері дамыды, техникалық әдістерге, еңбекқорлыққа, тәртіпке деген жауапкершіліктері артты. Жеңген командалар анықталып марапатталды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы Сапарбекова Ләззат 14 тобымен «Табиғаты ғажап Қазақстан» атты ашық сабақ өткізді. «Табиғат ғажайыптары» бейнефильмі көрсетілді, студенттер қазақ тілінде ойларын еркін жеткізді. «Табиғат аясында» атты шығармашылық жұмыстарын екі тілде қорғап, білімдерін көрсете білді. Қазақ тіліне деген қызығушылықтары артты. Орыс тілі мен әдебиетінің оқытушысы Аманова Сабира 17 тобымен В.П.Астафьев Человек и природа в произведениях «Царь и рыба» тақырыбында ашық сабағын өткізді. Топ студенттерінің жеке тұлға ретінде ізденімпаздық қасиеттері дамыды, шебер әрі шешен сөйлеуге машықтанды, видеоролик арқылы әдеби талдау жасалды. Пәнге деген қызығушылықтары артты. Ағылшын тілінің оқытушысы Искандырова Гуляйм 16 тобымен «The Republik of Kazakhstan» тақырыбында Брейн ринг өткізді. Топқа бөліну арқылы сабақ үш тілде қызықты өткізілді. Студенттер белсенділік

танытты, өз білімдерін көрсетті. Сөздік жүргізіліп, тілдік коммуникативтік дағдылары қалыптасты. Қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы Қабылбекова Жанна 11,12,13,14,16 топтары арасында «Үш тұғырлы тіл» тақырыбында олимпиада өткізді. Ережесі жасалды. 5 кезең бойынша қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінен білім алушылар арасында дарынды балалар анықталды. Жаңа ғылым- білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, үш тілді білім мен жаңа технологияны қатар алып жүруге дайын екендіктерін көрсетті. Ерекше көзге түскен студенттер марапатталды.

3. Декаданың жабылуының салтанатты жиыны колледждің акт залында өткізілді, сценаріі жасалды. 1-2 курс студенттері қатыстырылып ,пәндер бойынша сахналық қойылымдар көрсетілді. Әр пән бойынша қатысқан студенттер марапатталды. Декада өз деңгейінде өткізілді.

ПЦК жетекшісі _____ Койгельдиева А.Д.

**«Алматы облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің
«Талғар политехникалық колледжі» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Келісілді
колледж әдіскері

Бекітілді
ДОЖ орынбасары

Б. И. Нүптекеева_____

« » _____ 2018жыл.

Е.Қ. Бейсембаева_____

« » _____ 2018жыл

**Жалпы білім беретін пәндер бірлестігінің
онкүндік декадасының салтанатты жабылу жиыны.
Декада тақырыбы: «Тіл мен тарих- ғасырлар куәсі».**

2017-2018 оқу жылы.

ПЦК отырысында қаралып ,құпталды

Хаттама № 8 « » _____ 2018жыл.

ПЦК төрайымы_____ А.Д.Койгельдиева

Жалпы білім беретін пәндер бірлестігінің декадасының жабылу кеші.

Тақырыбы: «Тіл мен тарих- ғасырлар куәсі».

Жүргізуші: -Қайырлы күн құрметті 84 жылдық тарихы бар коледжіміздің ұстаздары мен студенттері. Бүгін жалпы білім беретін пәндер бірлестігінің онкүндік декадасының жабылу салтанатына қош келдіңіздер.

Ведущий: -Добрый день, уважаемые преподаватели и студенты нашего колледжа! Мы рады приветствовать вас на нашем мероприятии, посвященный закрытию декады общеобразовательных дисциплин.

Жүргізуші: - «Қазақтың бүкіл тарихы- бірігу тарихы,тұтастану тарихы. Қазақ тек бірігу жолында келе жатқан халық»- деп президентіміз Н.Ә.Назарбаев айтып өткендей бұл ғасырда өмір сүріп отырған барша ұрпақ Отанымыздың әрбір саласында өзіндік жол салар дара ұрпақ болуы тиіс. Олай болса болашаққа нық қадам жасау бүгіннен басталады.

Жүргізуші: -Халық мәртебесі, мейірлі тұптұқияннан келе жатқан қасиетті мұра-ана тіліміз. Сондықтан тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілі- қазақ тілі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында атап көрсетілгендей

1.Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл-қазақ тілі.

2.Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

3.Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

Батар, кетер, келмеске күнім менің,

Қалар бірақ киелі тілім менің.

Қасіретті шақтардан түңілгенде,

Қасиетті тілімнен түңілмедім.

- Бұл – ұлттың тіліне бас иген ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың ақтық тұжырымы.

Өзен де жоқ сыймаған арнасына,

Жылға да жоқ даламен жалғасуға.

Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай,

Қалай біткен мына көл тау басына?!- М. Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда»

поэмасының үзінді. Қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушылары Сапарбекова Л.С,

Қабылбекова Ж.Н, Молдахметова Б.

Ведущий: -Русский язык, как один из мировых языков. Его изучают и знает все население Казахстана. Знание русского языка сближает народы нашей независимой республики, укрепляет дружбу с народами других республик и зарубежных стран. Нет такого языка. Который бы не заслуживал уважения. На

земле живут не только большие. Но и малые численности народы. И каждый из них имеет свой язык, который дорог его детям, как голос матери, как хлеб родной земли.

Язык наш прекрасный –
Богатый и звучный,
То мощный и страстный,
То нежно-певучий.

В нем есть и усмешка,
И мягкость, и ласка.
Написаны им
И рассказы, и сказки.

Страницы волшебных,
Волнующих книг!
Люби и храни
Наш великий язык!

Сценка «О великом, могучем языке». Преподаватели русского языка Касимова Б.К, Аманова С. Т, Бердиева Р.Е.

Жүргізуші: -Тілдердің үш тұғырлылығы- үш тілді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін Қазақстан азаматтарының бірдей меңгеруін меңзейді, оның ішінде қазақ тілі- мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі- жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі болып саналады.

Ведущий: - Английский язык- это язык Ульяма Шекспира, Байрона, Джека Лондона, Теодора Драйзера. Это официальный язык таких великих держав, как Великобритания, США, Канада. Хорошее знание и развитие языка, умение пользоваться выразительными средствами иностранных языков – это самая лучшая опора для каждого человека, в его общественной и творческой деятельности. Настанет время и оно не за горами, языки станут изучать везде и всюду, а знание нескольких языков станет само собой разумеющимся.

Интервью :«Почему Вы выбрали эту профессию?». Преподаватели англиского языка Хасенова Г. С, Искандырова Г.А, Сеитов Ж.С.

Жүргізуші:

-Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің,
Таулы орман,жасыл жайлау көлім менің.

Бүгінде бар әлемге даңқың жетті.
Тәуелсіз Қазақсатан-елім менің.

Тәуелсіздік ең басты құндылығымыз. Бұл күнге сан ғасыр бойы армандап жеттік. 1991 жылы 16 желтоқсанда еліміз өз алдына егемендік алып, тұңғыш Тәуелсіз ел дүниеге келді. Елбасымыз өткен дәуірдегі қаһармандық оқиғаларға: «Ұлы далада бірінен соң бірі толас таппай жүріп жатқан 200-ге тарта көтерілістер эстафетасы біздің бүгінгі тәуелсіздігіміздің бастау көздері» деп баға берді. Бұл қасиетті шежіре- бүгінгі буын арқылы, келер ұрпақтың бойына жастайынан сіңірілетін баға жетпес игілік. Осы өнегені, елжандылық, отансүйгіштік дәстүрді жастардың бойына дарыту, патриоттық рухта тәрбиелеу- бүгінгі таңда әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы деп білеміз.

Ұлт тағдырын ойлайтұғын күн туды.
Тарихта хандық құрған Керей , Жәнібек ,
Халық баға береді әділ хан деп.
Бар қазақтың алғашқы ханы болған,
Керей ханның билікте аты ерек.

Көрініс «Сұлтандар кеңесі». Тарих пәні оқытушылары Койгельдиева А.Д және Бекбаева Б.А.

Жүргізуші:-Қазақ жеріндегі саяси бытыраңқылық әсіресе Әбілқайырдың билігі тұсында өзінің шарықтау шегіне жетті.

/Керей сұлтан мен Жәнібек сұлтан сұхбат құруда, үйге бір топ ақсүйектер кіреді/
- Ассалаумағалейкум, ағалар.
- Уағалейкумсалам, төрлетіңіздер.

Ақсүйектер басшысы(Нұрбек):- Біз бір маңызды мәселемен келіп тұрмыз. Елді бей – берекетсіздік басып алды. Хан - екем соғыстарды үдетіп, салықты көбейтті. Әскери дайындықсыз ойраттардан жеңілді ,батырларды құдалай бастады. Бөлінетін кез келмеді ме екен?

Жәнібек(Мадияр):- Ия, сөздеріңіз рас, ханның қаһарына жергілікті сұлтандар мен қарапайым халық та ілігіп отыр. Өз алдымызға ел болатын күн келді.

Керей(Самат): - Бар қазақты біріктіретін уақыт келгенін халық та түсінді, соңымыздан ереді деп сенемін.

Жәнібек(Мадияр):- Елдігімізді сақтау үшін туған жерден жырақтауымызға тура келеді. Моғол ханы Есен Бұға туысымыз дулаттардың көмегімен хан тағына

отырды. Бірақ бауыры Жүніс Темір әулетімен одақтасып ағасына қарсы шығуда. Есен Бұға інісіне қарсы одақтас іздеуде. Сонда жол тартсақ қайтеді?

Керей(Самат): Ия, көшсек көшейік. Сол жаққа көшіп барып, Ұлы жүзбен бірігейік.

Сұлтандар: - Біз дайынбыз бастаңыздар көшті. Біз сіздермен біргеміз.

Жәнібек(Мадияр): Кереке, ұзақ жолға шыққалы тұрмыз. Өзіңіз бір бата беріңіз.

Керей(Самат):

-Жолыңды Алла қолдасын,

Жаманшылық болмасын.

Кетілмесін тұлпарыңның тұяғы,

Қайырылмасын сұңқарыңның қияғы.

Барған жерде құшақ жая қарсы алсын

Жақсы адамдар, жайсаң жандар зиялы.

Жалпақ емес, жақсы жермен танысқын

Алла жебеп ұшқан құспен жарысқын,

Көңілің шат, ат - көлігің арымай,

Отбасыңмен аман - есен табысқын.

Әумин.

Жүргізуші: - 1465-1466 жылдары Керей мен Жәнібек Батыс Жетісуды құтты мекен етіп, Шудағы Қозыбасыда қазақ халқының ұлттық туын тігіп, Қазақ хандығын құрды. Жасы үлкен Керейді ақ киізге отырғызып, Қазақ хандығының ханы етіп сайлады.

Сұлтандармен сарбаздар ұрандайды:- Керей хан! Керей хан! Керей хан! Керей хан!

Жүргізуші: -Білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі- өкілдері бәсекеге қабілетті, білімді меңгерген, ой-өрісі ғана емес , жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан, зияткер ұлтты қалыптастыру болып табылады. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, атамекен, туған өлке туралы оқу – тәрбие үрдісінде және сабақтан тыс іс-шараларда Отансүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сияқты сезімдерді жастар бойында қалыптастыру міндетіміз.

«Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы»

Қазақстан Республикасының Заңының 5-тарау, 18-тармағы бойынша: Қарулы Күштер агрессияға тойтарыс беруге, Қазақстан Республикасының аумақтық

тұтастығы мен егемендігін қару-жарақпен қорғауға, мемлекеттік және әскери объектілерді күзетуге және қорғауға, әуе кеңістігін күзетуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындауға арналады.

«Саптық дайындық» 16 топ қыздарының саптық элементтерін және пәрмендерді орындауын тамашалаңыздар. АӘД жетекшісі Нургалиев Айдос Нурахынович.

Жүргізуші: -Халық денсаулығы- мемлекет байлығы. Дені сау адам- табиғаттың ең қымбат жемісі- дейді халық. Неміс халқының атақты философы Артур Шопенгауэр: «Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты»- деп айтқан екен. Зор денсаулықтың жемісі- ақыл-ойдың қайнар бұлағы. Жемісті де нәтежиелі еңбек көзі- ел іргесінің нығайғаны. Мемлекет халқымен мемлекет. Халқы көп ел- дені сау ел. Дені сау елдің ұрпағы да өскелең. Спорттық жарыстар мен ойындар біздің Талғар политехникалық колледжімізде жиі өткізіліп тұрады. Сондай- ақ колледжіміздің оқытушылары мен студенттері аймақтық, облыстық жарыстарға қатысып жүлделі орындарды иеленді.

Үздік спортшыларымызды қарсы алыңыздар. Дене тәрбиесі оқытушылары Рыспаев Қ.Р, Дүншебаев Ш.С, Қанағат Ж.Қ, Ерағалиев А.О, Зейнолда А.

Жүргізуші: -Сонымен Жалпы білім беретін пәндер бірлестігінің онкүндік декадасының жабылу салтанаты өз мәресіне жетті. Жалпы білім беретін пәндер бойынша қабырға газеттері шығарылды, ашық сабақтар мен олимпиадалар , пікіралмасу және кездесу кештері , сондай-ақ спорттық іріктеу жарыстары өткізілді. Колледж студенттерінің білім сапасын арттыру, әрбір оқытушының кәсіби деңгейлерінің өсуі мен педагогикалық шеберліктерін жетілдіру үшін оқыту үрдісінде инновациялық тәжірибелерді меңгеру мақсатында өткізілген іс-шараларға қатысып белсенділік танытқан, өз білімдерін көрсетіп, ерекше көзге түскен, білім алушылар арасында дарындылығымен анықталған студенттерді марапаттауға рұқсат етіңіздер.

Қорытынды сөз кезегін колледжіміздің директоры Садыкова Райхан Нұрмұрзақызына береміз.

Кезекті сөз кезегін колледж әдіскері Нүптекеева Бибігүл Ибраимқызына береміз.

